

ЖШС «Әнел» балабақшасы

№1 педагогикалық кеңес

Қоянды 2024 ж

Өткізу күні: 28.08.2024 ж

Өткізу орны: «Әнел» балабақшасы.

Қатысқандар:8

Төрайымы:Ж.П Саменова

Хатшы:М.К Дуйсенбаева

Мақсаты:

- Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін айқындау;
- Жылдық жоспарды талқылау және бекіту;
- Педагогтардың жұмысын ұйымдастыру.

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы мәлімет.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту.
4. Педагогикалық құжаттарды жүргізу талаптары.
5. Педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары.
6. Әртүрлі мәселелер.

Педагогикалық кеңестің барысы

1. Кіріспе сөз

Балабақша меңгерушісі педагогикалық кеңесті ашып, жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстырады.

2. Негізгі баяндама

Тақырыбы:

«2024–2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі бағыттары»

Баяндамада:

- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттары;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт;
- Балалардың қауіпсіздігі;
- Дамытушы орта;
- Тәрбие мен оқытудың заманауи әдістері қарастырылады.

3. Топтардың дайындығы туралы есеп

Тәрбиешілер:

- топ бөлмесінің дайындығы;
- оқу орталықтары;
- көрнекіліктер;
- санитарлық талаптардың сақталуы туралы хабарлайды.

4. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту

Әдіскер апталық кестемен таныстырады.

5. Құжаттарды жүргізу

Педагогтарға:

- күнтізбелік жоспар;
- циклограмма;
- мониторинг;
- бала даму картасын жүргізу талаптары түсіндіріледі.

Қаулы

1. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілсін.
 3. Педагогтарға құжаттарды уақытылы әрі талапқа сай жүргізу міндеттелсін.
 4. Топтардағы қауіпсіздік пен санитарлық талаптардың сақталуы бақылауға алынсын.
 5. Әдіскерге педагогтарға әдістемелік көмек көрсету тапсырылсын.
-

Төрайымы: Салшықова А.А. Аманжол

Хатшысы: Ахметбаева Л.К. Аманжол